

Қысқаметражды фильм сценарийі

Фильм атауы: Тарихын ұмытқан ұрпақ-тамырсыз ағаш

Бағыты: Ұлттық мұра

Ұран: Елді ояту үшін, тарихты ояту керек.

Актерлер: Әке, үлкен ұл, кіші ұл

Ұзақтығы: 5 минут

Автор: Махамбет Кәусар

Сценарий

1-Бөлім: Үйдегі әңгіме

Кешкі уақыт. Үлкен ұл мен кіші ұл телефонмен ойнап отыр. Әкесі қолында кітаппен бөлмеге кіреді.

Әке (кітапты ұсынып): Балам, мына Ордабасы туралы кітапты оқы. Бұл біздің тарихымыз, өткеніміз. Ата-бабаларымыздың жерін сақтап қалу үшін қандай күрестерден өткені жайлы білуің керек.

Ұл (көңілсіз): Жарайды, әке, оқимын.

Әкесі бөлмеден шығып кетеді. Ұл кітапты үстелге итеріп, қайта телефон ойынына үңіледі.

Экраннан ойын дауыстары естіледі.

2-Бөлім: Келесі күн

Балалар тағы да телефонда отыр. Әкесі бөлмеге кіреді.

Әке: Кітапты оқыдың ба?

Ұл: Жоқ... Не істеймін оны, қызық емес қой...

Әке (ашуланбай, байсалды түрде): Балам, сен бәрін телефоннан ғана білгің келеді. Бірақ бір күн ұмытып қалатын ойындар емес, ешқашан ұмытылмауы тиіс тарих бар. Ертең барлығымыз Ордабасы тауына барамыз. Өз көзіңмен көрмейінше, жүрекпен сезінбейсің.

3-Бөлім: Ордабасыда

Күн шыққан таң. Жол үстінде. Отбасы Ордабасы тауына қарай барады.

Әкесі балаларын таудың басына алып шығады.

Әке (тауға қарап): Міне, осы жерде үш жүздің басы қосылды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – бірліктің үлгісін көрсетті. Олар найзаның ұшымен, ақылдың күшімен елді аман алып қалды. Бұл жер – ел тағдыры шешілген жер. Сендер осыны білмесеңдер, келешек бұлыңғыр. Тарихын білмеген – өз тамырын білмейді. Өз тамырын білмеген – қайдан өскенін де, қайда бара жатқанын да білмейді.

Бүгін сендер телефондағы уақытша дүниелерге мән беріп отырсыңдар. Бірақ бұл таудағы үн – мәңгілік. Елді ояту үшін, тарихты ояту керек, балам.

Балалардың жүзінде үнсіздік. Терең ой, ұялу, түсіну.

4-Бөлім: Қайта оралу

Кеш. Үйге қайтқан сәт. Бала телефонын үстелге қойып, бұрынғы итеріп тастаған кітапты қайта алып, оқуға кіріседі.

Ішкі дауыс (баланың): Бір кітаптан басталады... Бірақ бір кітаптың артында тұтас тарих бар...

Соңғы кадр – кітаптың бетінде «Ордабасы» деген атау көрініп тұрады.

Қорытынды мәтін (экранға шығатын):

Тарихын ұмытқан ұрпақ – тамырсыз ағаш секілді.